

**"БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙІ" АҚ
ҚАҒИДАЛАР ЖИНАҒЫ**

Келісілді

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкімен

2014 жылғы 16 маусымда

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

Төрағасының орынбасары

К.Б. КОЖАХМЕТОВ

Бекітілді

"Бағалы қағаздар орталық
депозитарийі" АҚ Директорлар
кеңесінің шешімімен

(2014 жылғы 29 сәуірдегі отырыстың
№ 9 хаттамасы)

қолданысқа енгізілді

2014 жылғы 8 шілдеден бастап

**Туынды қаржы құралдарымен мәмілелер
тізілімдері жүйесін қалыптастыру және
жүргізу қызметін жүзеге асыру
ҚАҒИДАСЫ**

Алматы қ.

2014

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгерістер мен толықтыру:

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2017 жылғы 31 мамырдағы отырыстың № 8 хаттамасы);
- 2017 жылғы 1 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Қағида "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының заңына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 254 қаулысымен бекітілген Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асырудың қағидаларына (бұдан әрі – Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру қағидасы) сәйкес әзірленді, сондай-ақ ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған туынды қаржы құралдарымен мәмілелер тізілімдері жүйесін қалыптастыру және жүргізу жөніндегі қызметті "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) жүзеге асыру шарттары мен тәртібін анықтайды ([осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімімен өзгертілді](#)).

Осы Қағида Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағының құрамдас және ажырамас бөлігі болып табылады (бұдан әрі – Қағидалар жинағы).

Осы Қағида Қағидалар жинағының мәмілелер тізілімдері жүйесін Орталық депозитарийдің жүргізу тәртібін, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығы субъектілеріне ұсынылатын ақпараттың форматына қойылатын талаптарын белгілейтін Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру қағидасының 5-тарауын орындау мақсатындағы бөлігі болып табылады.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Негізгі ұғымдар

1. Осы Қағидада Қазақстан Республикасы заңнамасымен анықталған ұғымдар пайдаланылады.

Осы Қағидада пайдаланылатын өзге ұғымдар Қағидалар жинағына кіретін Орталық депозитарийдің басқа ішкі құжаттарымен анықталған ұғымдармен бірдей.

2. Осы Қағиданың мақсатында:

- 1) мәмілелер тізілімдері жүйесінен үзінді көшірме – Орталық депозитарийдің ақпарат беретін тұлғаға берген және мәмілелер тізілімдері жүйесіне енгізілген осы ақпарат беретін тұлғамен жасалған туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша ақпарат туралы мәліметтер бар электронды құжаты;
- 2) ақпарат беретін тұлға – туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша ақпаратты қабылдауға, жүргізуге және сақтауға шартты Орталық депозитариймен жасаған ұйым;
- 3) есеп мәмілелер тізілімдері жүйесіне хабарламада ақпарат беретін тұлға ұсынған ақпаратты енгізуді растайтын немесе енгізуден бас тартатын Орталық депозитарий берген құжат;
- 4) есептік күн – аптаның бірінші жұмыс күні;
- 5) есептік кезең – есептік күн алдындағы аптаның бірінші жұмыс күні басталатын және соңғы жұмыс күні аяқталатын кезең;

- 6) мәмілелер тізілімдерінің жүйесі ақпарат беретін тұлғалар ұсынған туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша ақпараттың, сондай-ақ мәмілелер тізілімдері жүйесін жүргізу үшін қажет өзге ақпараттың жиынтығы;
- 7) мәміле – туынды қаржы құралдарымен мәміле;
- 8) хабарлама – электронды құжат немесе осы Қағиданың 14-бабымен белгіленген жағдай ескерілген ақпарат беретін тұлға берген және мәмілелер тізілімдері жүйесіне енгізуге жататын ақпараты бар қағаз тасымалдағыштағы құжат;
- 9) мәміле қатысушысы – мәмілені жасаған заңды немесе жеке тұлға *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімімен енгізілді);*
- 10) укілетті орган – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімімен енгізілді).*

2-бап.

Мәмілелер тізілімдері жүйесін жүргізу туралы жалпы ережелер

1. Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру қағидасының 40-тармағына сәйкес Орталық депозитарийге екінші деңгейдегі банктер, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар және инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыратын ұйымдар беретін ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда жасалған мәмілелер бойынша ақпаратты қабылдау, жүргізу және сақтау арқылы мәмілелер тізілімдері жүйесін қалыптастыру және жүргізу қызметін Орталық депозитарий жүзеге асырады.
2. Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру қағидасының 42-тармағына сәйкес Орталық депозитарий электронды түрде мәмілелер тізілімдері жүйесін қалыптастырады және жүргізеді.
3. Орталық депозитарий Орталық депозитарийдің ақпарат беретін тұлғадан алған хабарламалар негізінде мәмілелер туралы ақпаратты мәмілелер тізілімдері жүйесіне енгізеді.
Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру қағидасының 42-тармағына сәйкес аталған хабарламалар Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру қағидасына 1, 2, 3 және 4-қосымшаларының талаптарына сәйкес болуы тиіс.
4. Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру қағидасының 42-тармағына сәйкес уәкілетті орган мәмілелер тізілімдері жүйесін жүргізу аясында қалыптасатын Орталық депозитарийдің деректер базасына қолжетімділігі бар.

5. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген қолжетімділік мәмілелер тізілімдері жүйесіндегі мәмілелер бойынша ақпаратты уәкілетті органға жолдау арқылы іске асырады.
 - 1) апта сайынғы негізде электронды түрде;
 - 2) уәкілетті органнан сұратулардың түсуі бойынша электронды түрде;
 - 3) уәкілетті органнан сұратулардың түсуі бойынша қағаз тасымалдағышта.
6. Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру қағидасының 44-тармағына сәйкес Орталық депозитарий мәмілелер бойынша ақпаратты ақпарат беретін тұлғалардың ұсынбауы не уақтылы ұсынбауы туралы уәкілетті органды хабарлайды (есепті күннен кейін бес жұмыс күні ішінде тиісінше ақпаратты уәкілетті органға жіберу арқылы).

(Осы бап Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімімен өзгертілді).

3-бап. Орталық депозитарийдің ақпарат беретін тұлғалармен өзара іс-әрекеті туралы жалпы ережелер

1. Орталық депозитарий осы Қағиданың 1-қосымшасындағы нысан бойынша мәмілелер бойынша ақпаратты қабылдауға, жүргізуге және сақтауға жасалатын шарттардың негізінде мәмілелер бойынша ақпаратты қабылдайды және сақтайды.

Аталған шарттарды жасау және бұзу тәртібі осы Қағиданың 3-тарауымен анықталды.

(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімімен өзгертілді).

2. *(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімін алып тастады).*
3. *(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімін алып тастады).*
4. Орталық депозитарий *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімін өзгертілді):*

- 1) брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;
- 2) екінші деңгейдегі банктер;
- 3) инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыратын ұйымдар болып табылатын ұйымдармен мәмілелер бойынша ақпаратты қабылдауға, жүргізуге және сақтауға шарттарды жасайды.

5. Орталық депозитарийдің хабарламаларды қабылдау және мәмілелер тізілімдері жүйесінен үзінді көшірмені немесе есепті беру тәртібі Қағидалар жинағына кіретін "Операциялық құжаттарды қабылдау және беру қағидасы" атты Орталық депозитарийдің ішкі құжатымен анықталады.
6. Орталық депозитарийге электронды түрде жіберілетін хабарламаларға қойылатын электронды түрдегі талаптар Орталық депозитарийдің Басқармасы бекіткен "Операциялық құжаттарды электронды түрде беру тәртібі деген ішкі құжатпен анықталды (туынды қаржы құралдарымен мәмілелер тізілімдері жүйесін қалыптастыру және жүргізу қызметі)" (бұдан әрі – Форматтар).
Орталық депозитарийге жіберілетін қағаз тасымалдағыштағы хабарламаларға қойылатын талаптар осы Қағидамен айқындалады.
7. Форматтарға өзгерістер мен толықтыруларды Орталық депозитарий қолданысқа енгізілген күнге дейін 10 күнтізбелік күн бұрын ақпарат беретін тұлғаларға жеткізіледі.
8. Хабарламаларды жасау үшін пайдаланылады:
 - 1) "Валюталар мен қорларды ұсынуға арналған кодтар"¹ ISO 4217 халықаралық стандартына сәйкес анықталған валюталар кодтары;
 - 2) "Елдің және оның бөлімшелерінің атауларын ұсынуға арналған кодтар"² ISO 3166 халықаралық стандартына сәйкес анықталған елдің екі әріптік коды.
 - 3) Қазақстан Республикасы заңнамасымен анықталған кодтар;
 - 4) Орталық депозитарийге берілетін кодтар.
9. Осы баптың 8-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген кодтар мыналарға беріледі:
 - 1) мәмілелерге қатысушыларға;
 - 2) ұлттық сәйкестендіру нөмірі немесе ISIN коды жоқ қаржы құралдарына;
 - 3) тауарларға;
 - 4) базалық активті өлшеу бірліктеріне;
 - 5) ISIN коды жоқ индекстерге.
10. Мәміле қатысушысының кодын қоспағанда, осы баптың 8-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген кодтар:
 - 1) ISIN коды жоқ базалық активті немесе индексті өлшеу бірліктерін, тауарды, қаржы құралын сәйкестендіру үшін қажет

¹ International Standard ISO 4217 "Codes for the representation of currencies and funds". Орыс тіліне стандарттың тақырыбын аудару – iso.gost.ru сайтынан.

² International Standard ISO 3166 "Codes for the representatives of countries and their subdivisions". Орыс тіліне стандарттың тақырыбын аудару – iso.gost.ru сайтынан.

- мәліметтер бар және еркін нысанда жасалған ақпарат беретін тұлғаның хаты негізінде;
- 2) бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған және ресми көздерден Орталық депозитарий алған ақпараттың және оның түпнұсқалығына күмән тудырмайтын өзге ақпараттың негізінде;
 - 3) Орталық депозитарийдің Басқармасы бекіткен Орталық депозитарийдің "Кодтарды беру тәртібі" (бұдан әрі – Кодтарды беру тәртібі) деген ішкі құжатымен анықтаған тәртіппен беріледі.
11. Орталық депозитарий өзінің интернет-сайтында (www.kacd.kz) Форматтар мен Кодтарды беру тәртібін жариялайды.
 12. Орталық депозитарий Орталық депозитарийдің Басқармасы анықтаған жария ресурста Форматта анықтаған кодтардың анықтамалықтарын (бұдан әрі – қызметтік анықтамалықтар), сондай-ақ Кодтарды беру тәртібіне сәйкес Орталық депозитарий берген кодтардың анықтамалықтарын (бұдан әрі – ақпараттық анықтамалықтар) жариялайды.

2-тарау. МӘМІЛЕЛЕР ТІЗІЛІМДЕРІ ЖҮЙЕСІН ЖҮРГІЗУ

4-тарау. Хабарламалар. Жалпы ережелер

1. Орталық депозитарийдің мәмілелер тізілімдері жүйесін жүргізу кезінде Орталық депозитарий ақпарат беретін тұлғалардан келесі бар хабарламаларды қабылдайды:
 - 1) мәміле қатысушысының сауалнамасы;
 - 2) мәміле қатысушының деректемелерін өзгерту;
 - 3) мәмілеге қатысушының деректемелерін түзету;
 - 4) жасалған мәміле туралы ақпарат;
 - 5) мәміле туралы бұрын ұсынылған ақпаратты өзгерту;
 - 6) жасалған мәміле туралы жаңартылған ақпарат;
 - 7) мәміле туралы бұрын ұсынылған ақпаратқа жаңартылған өзгерту;
 - 8) мәмілелер туралы бұрын ұсынылған ақпаратқа өзгерістер мен жасалған мәмілелердің жоқтығы туралы ақпарат;
 - 9) нысаны мен мазмұны Форматтармен анықталған мәмілелер тізілімдері жүйесінен үзінді көшірмені беруге сұрату;
 - 10) нысаны мен мазмұны Форматтармен анықталмаған есептік құжатты беруге сұрату;
 - 11) өзге ақпаратты.

2. Ақпарат беретін тұлғаларға осы баптың 1-тармағында көрсетілген хабарламаларды беру тәртібі, сондай-ақ осы хабарламаларда – баптарымен анықталады.
3. Хабарламаның мазмұнына жауапкершілікті ақпарат беретін тұлға көтереді.
4. Орталық депозитарий келесі жағдайларда мәмілелер тізілімдері жүйесіне жазбаларды енгізу мақсатында бас тартады:
 - 1) хабарламаның Форматтарға сәйкес келмеуі;
 - 2) деректемелерге толтыру үшін міндетті хабарламаның жоқтығы;
 - 3) осы баптың 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген хабарлама ол туралы ақпарат мәмілеге қатысушылардың ақпараттық анықтамалығында жоқ тұлғаға ұсынылды;
 - 4) осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген хабарлама есептіден айрықша кезеңде жасалған мәміле туралы ақпарат бар;
 - 5) осы баптың 1-тармағының 4), 5) немесе 8) тармақшаларында көрсетілген хабарлама Алматы уақытымен 14.00-ден кейін есептіден ерекше күні немесе есепті күнге берілді;
 - 6) осы баптың 1-тармағының 5) немесе 7) тармақшаларында көрсетілген хабарлама ол туралы ақпарат мәмілелер тізілімдері жүйесінде жоқ мәміле бойынша ұсынылды;
 - 7) осы баптың 1-тармағының 4), 5), 6) немесе 7) тармақшаларында көрсетілген хабарлама халықаралық стандарттарда, қызметтік немесе ақпараттық анықтамалықтарда анықталған кодтарға сәйкес келмейтін кодтар бар;
 - 8) осы баптың 1-тармағының 3), 6) немесе 7) тармақшаларында көрсетілген хабарламаға толықтыруға мәмілелерді тізілімдер жүйесіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттілігінің себептерін көрсететін ақпараттық тұлғаның жазбаша түсіндірмесін ұсынбады;
 - 9) ақпарат беретін тұлғаның лицензиясының қолданысы тоқтатылды;
 - 10) Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Қағидамен немесе Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарына сәйкес мәмілелер тізілімдер жүйесіне жазба енгізу мүмкін емес басқа жағдайларда.

5-бап.

Қатысушы туралы мәліметтерді мәмілелер тізілімдер жүйесіне енгізу тәртібі

1. Мәміленің жаңа қатысушысы туралы ақпаратты мәмілелер тізілімдерінің жүйесіне енгізу және осындай қатысушыға кодты беру

- үшін негіздеме болып мәміле қатысушысының сауалнамасы бар хабарлама болады (бұдан әрі – Мәмілеге қатысушының сауалнамасы).
2. Мәмілеге қатысушының сауалнамасы Орталық депозитарийге Форматтармен анықталған нысан бойынша электронды түрде жіберіледі және оны жөнелтушінің және хабарлама типін сәйкестендіру үшін қажет деректемелерден өзге мынадай деректемелер қажет:
 - 1) мәміле қатысушысының түрі (жеке немесе заңды тұлға);
 - 2) мәміле қатысушысының сәйкестендірушінің түріне нұсқау (ЖСН, БСН немесе өзге сәйкестендіруші);
 - 3) мәміле қатысушысының сәйкестендірушінің нөмірі;
 - 4) мәмілеге қатысушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) немесе атауы (бұдан әрі – Қатысушының атауы);
 - 5) жеке тұлға азаматтық алған елінің немесе заңды тұлғаны тіркеу елінің коды.
 3. Орталық депозитарий қабылдаған мәмілеге қатысушының сауалнамасы сауалнамада көрсетілген деректемелердің ақпараттық анықтамалықта ұқсас деректемелерге сәйкес келуіне тексеріледі. Тексеру "Қатысушының атауы" деректемесін қоспағанда, барлық деректемелері бойынша жүзеге асырылады.
 4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген тексерудің кері нәтижелері жағдайында, Орталық депозитарий:
 - 1) мәмілелерге қатысушылардың кодтарының ақпараттық анықтамалығына мәміленің жаңа қатысушысы туралы мәліметтерді енгізеді;
 - 2) мәміленің жаңа қатысушысына кодты береді;
 - 3) ақпарат беретін тұлғаға кодтың берілгені туралы есепті жібереді.
 5. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген тексерудің оң нәтижесі жағдайында, Орталық депозитарий мәмілелердің тізілімдерінің жүйесіне мәміленің жаңа қатысушысы туралы ақпаратты енгізуден және осындай қатысушыға кодты беруден бас тартады және ақпарат беретін тұлғаға тиісінше есепті жібереді.
 6. Осы баптың 4 және 5-тармақтарында көрсетілген есептер Орталық депозитарийдің Мәмілеге қатысушының сауалнамасын қабылдаған күннен бастап, үш жұмыс күні ішінде ақпарат беретін тұлғаға жіберіледі.

6-бап. Мәмілеге қатысушының деректемелерін өзгерту тәртібі

1. Мәмілелер тізілімдерінің жүйесіне мәміленің қатысушысы туралы ақпаратты өзгерту үшін негіздеме болып, мәмілеге қатысушысының

- деректемелерінің өзгерісі бар хабарлама болып табылады (бұдан әрі – Деректемелердің өзгергені туралы хабарлама).
2. Деректемелердің өзгергені туралы хабарлама Орталық депозитарийге Форматтармен анықталған нысан бойынша электронды түрде жіберіледі және оны жөнелтушінің сәйкестендіру үшін қажет деректемелерден өзге және мына деректемелер хабарламаның түрі бар:
 - 1) Орталық депозитарийге берген мәмілеге қатысушының коды (бұдан әрі – Мәмілеге қатысушының коды);
 - 2) мәмілеге қатысушының түрі (жеке немесе заңды тұлға);
 - 3) мәмілеге қатысушының сәйкестендіру түріне нұсқау;
 - 4) мәмілеге қатысушының сәйкестендіргіш нөмірі;
 - 5) Қатысушының атауы;
 - 6) жеке тұлға азаматтық алған елінің немесе заңды тұлғаны тіркеу елінің коды.
 3. Орталық депозитарий қабылдаған деректемелердің өзгергені туралы хабарлама ақпараттық анықтамалықта мәмілеге қатысушының кодымен онда көрсетілген Мәмілеге қатысушының кодының сәйкес келуіне тексеріледі.
 4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген тексерудің кері нәтижесі жағдайында, Орталық депозитарий мәмілелер тізілімдерінің жүйесіне өзгерістер енгізуден бас тартады және ақпарат беретін тұлғаға тиісінше есепті жібереді.
 5. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген тексерудің оң нәтижесі жағдайында, Орталық депозитарий:
 - 1) "Мәмілеге қатысушының коды" деректемесін қоспағанда, мәмілеге қатысушының деректемелерін өзгертеді;
 - 2) деректемелерді түзету үшін Хабарлама ұсынған ақпарат беретін тұлғаға тиісінше есепті жібереді;
 - 3) бұрын Мәміле қатысушысының осы кодын пайдаланған әрбір ақпарат беретін тұлғаға мәміле қатысушысының деректемелерінің өзгергені туралы есепті жібереді.
 6. Осы баптың 4 және 5-тармақтарында көрсетілген есептер Мәмілеге қатысушы сауалнамасын Орталық депозитарий қабылдаған күннен бастап, үш жұмыс күні ішінде ақпарат беретін тұлғаға жіберіледі.

7-бап. Мәміле қатысушысының деректемелерін түзету тәртібі

1. Мәмілелер тізілімдерінің жүйесінде мәміле қатысушысы туралы ақпаратты түзету үшін негіздеме болып, мыналар табылады:

- 1) бұрын жіберілген қатені жою мақсатында мәмілеге қатысушының деректемелерінің түзетілімі бар хабарлама (бұдан әрі – Деректемелерді түзету үшін хабарлама);
 - 2) деректемелерді түзету қажеттілігінің себептерін ескеріп, ақпарат беретін тұлғаның хаты, хат осы ақпарат беретін тұлға ұсынған қол қою үлгілері мен мөр бедері бар карточкада көрсетілген қол мен мөрмен куәландырылуы тиіс.
2. Деректемелерді түзету үшін хабарлама Орталық депозитарийге Форматтармен анықталған нысан бойынша электронды түрде жіберіледі және оны жөнелтушіні және хабарлама түрін сәйкестендіру үшін қажет деректемелерден өзге келесі деректемелер бар:
- 1) Мәмілеге қатысушының коды;
 - 2) Мәмілеге қатысушының түрі (жеке немесе заңды тұлға);
 - 3) мәмілеге қатысушының сәйкестендіргіш түріне нұсқау;
 - 4) мәмілеге қатысушының сәйкестендіргіш нөмірі;
 - 5) Қатысушының атауы;
 - 6) жеке тұлға азаматтық алған елінің немесе заңды тұлғаны тіркеу елінің коды.
3. Орталық депозитарий қабылдаған деректемелерді түзету үшін хабарлама, сондай-ақ деректемелерді түзету қажеттілігінің себептерін түсіндіретін хатты Орталық депозитарий тексереді.
4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген тексеру міндетті тәртіппен өзіне хаттағы мөр мен қолдың осы ақпарат беретін тұлға ұсынған қол қою үлгілері мен мөр таңбасы бар карточкада көрсетілген мөрге және қолға хаттағы мөр мен қолға сәйкестігін тексеруді қамтиды.
5. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген тексеру өзіне енгізілуі мүмкін:
- 1) Деректемелерді түзету үшін хабарламада көрсетілген мәміле қатысушысы туралы ақпарат енгізілген немесе өзгертілген хабарлама негізінде ақпарат беретін тұлғаларға жіберу;
 - 2) шешімдерімен толтыру үшін міндетті алаңдарда көрсетілген деректемелерді берген мемлекеттік органдар мен ұйымдарға сұратуларды жіберу;
 - 3) жағдайға қатысты өзге сұратуларды жіберу.
6. Егер жүргізілген тексеру нәтижесінде Орталық депозитарий түзету енгізуден бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда, Орталық депозитарий ақпарат беретін тұлғаға тиісінше есепті жібереді.
7. Егер жүргізілген тексеру нәтижесінде Орталық депозитарий түзету енгізу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Орталық депозитарий:
- 1) "Мәмілеге қатысушының коды" деректемесін қоспағанда, мәмілеге қатысушының деректемелерін түзетеді;

- 2) тиісінше есепті деректемелерді түзету үшін Хабарламаны берген ақпарат беретін тұлғаға жібереді;
 - 3) бұрын Мәміле қатысушысының осы кодын пайдаланағна әрбір ақпарат беретін тұлғаға мәміле қатысушысының деректемелерінің өзгергені туралы есепті жібереді.
8. Осы баптың 6 және 7-тармақтарында көрсетілген есептер ақпарат беретін тұлғаларға осы баптың 5-тармағында көрсетілген сұратуларға жауаптың соңғысын Орталық депозитарий алған күннен бастап немесе деректемелерді түзету үшін Хабарламаны алған күннен бастап, егер осы баптың 5-тармағында көрсетілген сұратуларға аталған хабарламаны алған күннен бастап, үш жұмыс күні ішінде жіберілмесе, деректемелерді түзету үшін Хабарламаны алған күннен бастап, үш жұмыс күні ішінде жіберіледі.

8-бап. Жасалған мәміле туралы ақпаратты мәмілелер тізілімдері жүйесіне қабылдау және енгізу тәртібі

1. Мәмілелер тізілімдерінің жүйесіне енгізу үшін негіздеме болып жасалған мәміле туралы ақпарат болып, мәміле туралы ақпарат бар (бұдан әрі осы бапта – Мәміле туралы ақпарат).
2. Мәміле туралы ақпарат Алматы уақытымен 14.00-ден кешіктірмей есепті күнге ғана Орталық депозитарий қабылдауы мүмкін.
3. Мәміле туралы ақпарат келесіге сәйкес тексеріледі:
 - 1) Мәміле туралы ақпарат Форматтармен анықталған нысан бойынша ұсынылуы тиіс;
 - 2) Форматтарға сәйкес толтыру үшін міндетті болып табылатын алаң толтырылуы тиіс;
 - 3) Мәміле туралы ақпаратта көрсетілген кодтар халықаралық стандарттарға, қызметтік және ақпараттық анықтамалықтарға сәйкес анықталатын кодтарға сәйкес келуі тиіс;
 - 4) мәміле есепті кезеңде жасалуы тиіс;
 - 5) осы Қағиданың 4-бабында көрсетілген мәмілелер тізілімдерінің жүйесіне енгізуден бас тарту үшін негіздеме болып табылады.
4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген тексеру кері нәтиже берген жағдайда, Орталық депозитарий жаңа мәміле туралы ақпаратты мәмілелер тізілімдерінің жүйесіне енгізуден бас тартады және ақпарат беретін тұлғаға тиісінше есепті жібереді.
5. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген тексерудің оң нәтижесі жағдайында, Орталық депозитарий:
 - 1) жаңа мәміле туралы ақпаратты мәмілелер тізілімдерінің жүйесіне;
 - 2) жаңа мәмілеге бірегей нөмір береді;

- 3) ақпарат беретін тұлғаға мәмілелер тізілімдерінің жүйесіне жаңа мәміле туралы ақпаратты енгізу туралы есепті жібереді.
6. Осы баптың 4 және 5-тармақтарында көрсетілген есептер ақпарат беретін тұлғаға Мәміле туралы ақпаратты Орталық депозитарий алған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей жіберіледі.

9-бап. Мәмілелер тізілімдерінің жүйесіне мәміле туралы бұрын берілген ақпаратты енгізу және қабылдау тәртібі

1. Мәмілелердің тізілімдерінің жүйесіне бұрын жасалған мәміле туралы ақпаратты енгізу үшін негіздеме мәміле туралы бұрын ұсынылған ақпаратқа өзгерістер бар хабарлама болып табылады (бұдан әрі осы бапта – Мәміле туралы ақпаратқа өзгеріс).
2. Мәміле туралы ақпаратқа өзгерісті Орталық депозитарий Алматы уақытымен 14.00 кешіктірмей есепті күнге ғана қабылдауы мүмкін.
3. Мәміле туралы ақпаратқа өзгеріс келесіге сәйкес тексеріледі:
 - 1) Мәміле туралы ақпаратқа өзгеріс Форматтармен анықталған нысан бойынша ұсынылуы тиіс;
 - 2) Форматтарға сәйкес толтыру үшін міндетті болып табылатын алаң толтырылуы тиіс;
 - 3) Мәміле туралы ақпаратқа өзгерістерде көрсетілген кодтар халықаралық стандарттарға, қызметтік және ақпараттық анықтамалықтарға сәйкес анықталатын кодтарға сәйкес келуі тиіс;
 - 4) мәміле туралы ақпараттағы өзгерістерде көрсетілген мәміленің бірыңғай нөмірі осы Қағиданың 8-бабының 5-тармағының 3) тармақшасына немесе 10-баптың 6-тармағының 3) тармақшасына сәйкес ақпарат беретін тұлғаға жіберілді;
 - 5) осы Қағиданың 4-бабында көрсетілген мәмілелердің тізілімдерінің жүйесіне енгізуден бас тарту үшін негіздеме жоқ.
4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген тексерудің кері нәтижесі жағдайында, Орталық депозитарий мәмілелер тізілімдерінің жүйесіне мәміле туралы ақпаратқа өзгерістер енгізуден бас тартады және ақпарат беретін тұлғаға тиісінше есепті жібереді.
5. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген тексерудің оң нәтижесі жағдайында, Орталық депозитарий:
 - 1) мәмілелер тізілімдерінің жүйесіне мәміле туралы ақпаратқа өзгерістерді енгізеді;
 - 2) ақпарат беретін тұлғаға мәміле туралы ақпаратқа өзгерістер енгізу туралы есепті жібереді.
6. Осы баптың 4 және 5-тармақтарында көрсетілген есептер ақпарат беретін тұлғаға Орталық депозитарийдің Мәміле туралы ақпаратқа

өзгерістерді алған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей жіберіледі.

10-бап. Жасалған мәміле туралы жаңартылған ақпарат мәмілелерін тізілімдер жүйесіне қабылдау және енгізу тәртібі

1. Мәмілелер тізілімдерінің жүйесіне жасалған мәміле туралы жаңартылған ақпаратты енгізу үшін негіздеме болып, жасалған мәміле туралы жаңартылған ақпарат бар хабарлама бар (бұдан әрі осы бапта – Мәміле туралы жаңартылған ақпарат).
2. Мәмілелер тізілімдерінің жүйесіне толықтыру енгізу қажеттілігі себептерін көрсететін ақпарат беретін тұлғаның жазбаша түсіндірмесі болған жағдайда ғана мәміле туралы жаңартылған ақпарат мәмілелер тізілімдерінің жүйесіне толықтыру енгізу үшін негіздеме болып табылады.
3. Егер қандай да бір себеппен жасалған мәміле туралы ақпарат осы Қағиданың 8-бабымен анықталған тәртіппен ақпарат беретін тұлға ұсынбаған немесе Орталық депозитарий қабылдамаған жағдайда, онда Мәміле туралы жаңартылған ақпаратты ақпарат беретін тұлға Орталық депозитарийге жібереді.
4. Мәміле туралы жаңартылған ақпарат келесіге сәйкес тексеріледі:
 - 1) Мәміле туралы жаңартылған ақпарат Форматтармен анықталған нысан бойынша ұсынылуы тиіс;
 - 2) Форматтарға сәйкес толтыру үшін міндетті болып табылатын алаң толтырылуы тиіс;
 - 3) Мәміле туралы жаңартылған ақпарат көрсетілген кодтар халықаралық стандарттарға, қызметтік және ақпараттық анықтамалықтарға сәйкес анықталатын кодтарға сәйкес келуі тиіс;
 - 4) осы Қағиданың 4-бабында көрсетілген мәмілелер тізілімдерінің жүйесіне енгізуден бас тарту үшін негіздеме жоқ.
5. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген тексерудің кері нәтижесі жағдайында, Орталық депозитарий мәмілелер тізілімдерінің жүйесіне мәміле туралы жаңартылған ақпаратты енгізуден бас тартады және ақпарат беретін тұлғаға тиісінше есепті жібереді.
6. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген тексерудің оң нәтижесі жағдайында, Орталық депозитарий:
 - 1) мәмілелер тізілімдерінің жүйесіне жаңа мәміле туралы жаңартылған ақпаратты енгізеді;
 - 2) жаңа мәмілеге бірыңғай нөмір береді;
 - 3) ақпарат беретін тұлғаға мәмілелер тізілімдерінің жүйесіне жаңа мәміле туралы жаңартылған ақпаратты енгізу туралы есепті

жібереді және осы есепте мәмілеге берілген бірыңғай нөмірді береді.

7. Осы баптың 5 және 6-тармақтарында көрсетілген есептер мәміле туралы жаңартылған ақпаратты Орталық депозитарийдің алған күнінен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей ақпарат беретін тұлғаға жіберіледі.

11-бап. Мәміле туралы бұрын ұсынылған ақпаратқа жаңартылған өзгерістерді мәмілелер тізілімдерінің жүйесіне қабылдау және енгізу тәртібі

1. Мәмілелер тізілімдерінің жүйесіне жасалған мәміле туралы бұрын ұсынылған ақпаратқа жаңартылған өзгерістерді енгізу үшін негіздеме жасалған мәміле туралы бұрын ұсынылған ақпаратқа жаңартылған өзгерісі бар хабарлама болып табылады (бұдан әрі осы бапта – Мәміле туралы ақпаратты түзету).
2. Мәміле туралы ақпаратты түзету қажеттілігі себептерін көрсететін ақпарат беретін тұлғаның жазбаша түсіндірмесі болған жағдайда ғана мәміле туралы ақпаратты түзету түзетулерді мәмілелер тізілімдері жүйесіне енгізу үшін негіздеме болып табылады.
3. Мәміле туралы ақпаратты түзетуді ақпарат беретін тұлға Орталық депозитарийге мына жағдайда жібереді, егер:
 - 1) қандай да бір себеппен мәміле туралы ақпаратқа өзгеріс оған осы Қағиданың 9-бабымен анықталған тәртіппен Орталық депозитарий ұсынбаған немесе қабылданбаған; немесе
 - 2) Орталық депозитарий қабылдаған осы Қағиданың 8 және 10-баптарына сәйкес ұсынылған жасалған мәміле туралы ақпарат қате болып танылады.
4. Мәміле туралы ақпаратқа түзету төмендегілерге сәйкес тексеріледі:
 - 1) Мәміле туралы ақпаратқа түзету Форматтармен анықталған нысан бойынша ұсынылуы тиіс;
 - 2) Форматтарға сәйкес толтыру үшін міндетті болып табылатын алаң толтырылуы тиіс;
 - 3) мәміле туралы ақпаратқа Түзетулерде көрсетілген кодтар халықаралық стандарттарға, қызметтік және ақпараттық анықтамалықтарға сәйкес анықталатын кодтарға сәйкес келуі тиіс;
 - 4) мәміле туралы ақпаратқа түзетуде көрсетілген мәміленің бірыңғай нөмірі осы Қағиданың 8-бабының 5-тармағының 3) тармақшасына немесе 10-баптың 6-тармағының 3) тармақшасына сәйкес ақпарат беретін тұлғаға жіберілді;
 - 5) осы Қағиданың 4-бабында көрсетілген мәмілелер тізілімдерінің жүйесіне енгізуден бас тарту үшін негіздеме жоқ.

5. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген тексеру кері нәтиже берген жағдайда, Орталық депозитарий мәміле туралы ақпаратқа түзетулерді мәмілелер тізілімдерінің жүйесіне енгізуден бас тартады және ақпарат беретін тұлғаға тиісінше есепті жібереді.
6. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген тексерудің оң нәтижесі жағдайында, Орталық депозитарий:
 - 1) мәмілелер тізілімдерінің жүйесіне мәміле туралы ақпаратқа түзету енгізеді;
 - 2) ақпарат беретін тұлғаға мәміле туралы ақпаратқа түзету енгізу туралы есепті жібереді.
7. Осы баптың 5 және 6-тармақтарында көрсетілген есептер ақпарат беретін тұлғаға Орталық депозитарийдің мәміле туралы ақпаратқа түзетуді алған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.

12-бап. Мәмілелер туралы бұрын ұсынылған ақпаратқа өзгерістердің және жасалған мәмілелердің жоқтығы туралы ақпаратты мәмілелер тізілімдерінің жүйесіне қабылдау және енгізу тәртібі

1. Жасалған мәмілелердің жоқтығы туралы ақпаратты және бұрын ұсынылған мәмілелер туралы ақпаратқа өзгерістерді енгізу үшін негіздеме жасалған мәмілелердің жоқтығы туралы ақпарат пен мәміле туралы бұрын ұсынылған ақпаратқа өзгерістер бар хабарлама болып табылады (бұдан әрі осы бапта – Өзгерістердің жоқтығы туралы ақпарат).
2. Өзгерістердің жоқтығы туралы ақпаратты Орталық депозитарий Алматы уақытымен 14.00-ден кешіктірмей есепті күнге ғана қабылдауы мүмкін.
3. Өзгерістердің жоқтығы туралы ақпарат Форматтармен анықталған нысан бойынша ұсынылуы тиіс.
4. Өзгерістердің жоқтығы туралы ақпараттың негізінде Орталық депозитарий осы ақпарат беретін тұлға барлық ұсынған өзекті ретінде мәмілелер туралы ақпаратты белгілейді.
5. Орталық депозитарий Өзгерістердің жоқтығы туралы ақпаратты алған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей, Орталық депозитарий Өзгерістердің жоқтығы туралы ақпаратты қабылдау туралы есепті ақпарат беретін тұлғаға жібереді.

13-бап. Нысаны мен мазмұны Форматтармен анықталған мәмілелер тізілімдерінің жүйесінен үзінді көшірмені беру тәртібі

1. Мәмілелер тізілімдері жүйесінен үзінді көшірме беру үшін негіздеме мәмілелер тізілімдері жүйесінен үзінді көшірмеге сұрату бар хабарлама болып табылады (бұдан әрі осы бапта – Үзінді көшірмеге сұрату).

2. Үзінді көшірмеге сұрату Форматтармен анықталған нысан бойынша ұсынылуы мүмкін.
3. Үзінді көшірмеге сұрату алған күннен кейінгі жұмыс күнінен Орталық депозитарий мәмілелер тізілімдері жүйесінен үзінді көшірмені ақпарат беретін тұлғаға жібереді.
4. Формат мен үзінді көшірменің мазмұны Форматтармен анықталады.

14-бап. Нысаны мен мазмұны Форматтармен анықталмаған есептік құжатты беру тәртібі

1. Нысаны мен мазмұны Форматтармен белгіленбеген есептік құжатты ақпарат беретін тұлғаға беру үшін негіздеме нысаны мен мазмұны Форматтармен анықталмаған есептік құжатты беруге сұрату бар хабарлама болады (бұдан әрі – Ақпаратқа сұрату).
2. Ақпаратқа сұрату алған күннен кейінгі он жұмыс күнінен кешіктірмей, Орталық депозитарий:
 - 1) егер осындай ақпарат мәмілелердің тізілімдері жүйесінде бар болған және оны ұсыну күрделі есептермен және қандай да бір көрсеткіштермен байланысты емес болған жағдайда сұратылған ақпаратты ақпарат беретін тұлғаға жібереді;
 - 2) егер осындай ақпарат мәмілелер тізілімдерінің жүйесінде жоқ болған немесе оны ұсыну күрделі есептермен және қандай да бір көрсеткіштерді есептеумен байланысты болған жағдайда, ақпарат беретін тұлғаға сұратылған ақпаратты беруден бас тарту жібереді.

3-тарау. МӘМІЛЕЛЕР БОЙЫНША АҚПАРАТТЫ ҚАБЫЛДАУ, ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ САҚТАУ ШАРТЫН ЖАСАУ МЕН БҰЗУ

(Осы тақырып Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімімен өзгертілді).

15-бап. Мәмілелер бойынша ақпаратты қабылдау, жүргізу және сақтау шартын жасау

(Осы тақырып Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімімен өзгертілді).

1. Мәмілелер бойынша ақпаратты қабылдау, жүргізу және сақтау шартын жасауға ниеті бар тұлға (бұдан әрі осы бапта – өтініш беруші) барлық төменде келтірілген құжаттарды ұсынуы тиіс *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімімен өзгертілді):*

- 1) Орталық депозитарийдің "Операциялық құжаттарды қабылдау және беру қағидасы" деген ішкі құжатына 2-қосымшадағы нысан бойынша өтініш;
 - 2) осы Қағиданың 2-қосымшасындағы көрсетілген құжаттар;
 - 3) берілетін құжаттарға тізбемен және шарттың атауына сілтемемен ілеспе хат, оған сәйкес құжаттар беріледі.
2. Өтініш беруші осы Қағидамен белгіленген құжаттардың толық емес тізбесін ұсынған жағдайда немесе құжаттар нысандарының Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Қағидалармен немесе Қағидалар жинағына кіретін Орталық депозитарийдің "Операциялық құжаттарды қабылдау және беру қағидасы" ішкі құжатымен белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, Орталық депозитарий құжаттардың көрсетілген тізбесін қабылдағаннан кейінбір жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш берушіге мәмілелер бойынша ақпаратты қабылдау, жүргізу және сақтау шартын жасау туралы хабарламаны жібереді (бұдан әрі осы тарауда – Шарт) *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімімен өзгертілді)*.
- Хабарламада Кодтарды беру тәртібіне сәйкес өтініш берушіге берілген код көрсетіледі.
3. Өтініш беруші осы Қағидамен белгіленген құжаттардың толық емес тізбесін ұсынған немесе құжаттар нысандарының Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Қағидалармен немесе Қағидалар жинағына кіретін Орталық депозитарийдің "Операциялық құжаттарды қабылдау және беру қағидасы" деген ішкі құжатымен белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, Орталық депозитарий Шартты жасаудан бас тартады және өтініш берушіге тиісінше хабарламаны құжаттардың көрсетілген тізбесін қабылдағаннан кейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.
 4. Шартты жасау барысында ұсынылған құжаттардағы өзгерістер болған жағдайда, өтініш беруші өзгертілген немесе мемлекеттік тіркеу күнінен бастап, бес жұмыс күні ішінде Орталық депозитарийге өзгертілген құжаттарды беруше міндетті.
 5. Орталық депозитарий өтініш берушінің өзгертілген құжаттарды ұсынбағаны немесе уақтылы ұсынбағаны үшін жауапкершілікті көтермейді.

16-бап. Мәмілелер бойынша ақпаратты қабылдау, жүргізу және сақтау шартын бұзу

(Осы тақырып Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімімен өзгертілді).

1. Шартты бұзу ақпарат беретін тұлғаның лицензиясының қолданысын тоқтату туралы уәкілетті орган шешімі негізінде жүзеге асырылады.

2. Шартты бұзу Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Шартпен белгіленген жағдайда және тәртіппен жүзеге асырылады.

4-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

17-бап. Орталық депозитарийдің қызметін төлеу тәртібі

Орталық депозитарийдің мәмілелер тізілімдері жүйесін жүргізу қызметі Орталық депозитарийдің "Тарифтер мен алымдар туралы ереже"³ деген ішкі құжатына сәйкес төленеді.

18-бап. Осы Қағиданы қолдану ерекшеліктері

1. Реттеу тәртібі осы Қағидамен анықталмаған мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.
2. Орталық депозитарий осы нормалардың Қағидада қаншалықты көрсетілгеніне қатыссыз осы Қағида қолданысқа енгізілгеннен кейін пайда болған Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын басшылыққа алуға міндетті.

Президент

Б.Х. Капышев

³ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2011 жылғы 29 шілдедегі отырыстың № 5 хаттамасы).

Туынды қаржы құралдарымен
мәмілелер тізілімдері жүйесін
қалыптастыру және жүргізу қызметін
жүзеге асыру қағидасына

1-қосымша

Туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша ақпаратты қабылдау, жүргізу және сақтау ШАРТЫ

(стандартты нысан)

Осы шарт (бұдан әрі – Шарт) қосылу шарты болып табылады және Орталық депозитарийдің туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша ақпаратты қабылдау, жүргізу және сақтау кезінде "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) және ақпарат беретін тұлға (бұдан әрі-Клиент) арасындағы қатынастарды реттейді.

1-бөлім. ШАРТТЫҢ ТАЛАПТАРЫН ЖАСАУ ЖӘНЕ ӨЗГЕРТУ ТӘРТІБІ

- 1.1. Шарттың талаптары, сондай-ақ оған кейінгі өзгерістер мен толықтыруларды Орталық депозитарий анықтайды және Клиент Клиенттің Шартқа жалпы қосылуы арқылы ғана қабылдауы мүмкін.
- 1.2. Клиенттің Шартқа қосылуы Клиенттің Орталық депозитарийге "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағына кіретін (бұдан әрі – Қағидалар жинағы) Туынды қаржы құралдарымен мәмілелер тізілімдері жүйесін қалыптастыру және жүргізу қызметін жүзеге асыру қағидасына (бұдан әрі – Қағида) 3-қосымшамен белгіленген нысан бойынша жасалған өтінішті, сондай-ақ тізбесі қағидаға 2-қосымшамен белгіленген құжаттарды беру арқылы жүзеге асырылады.
- 1.3. Орталық депозитарий Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіппен Шартқа өзгерістер енгізуге құқылы.
- 1.4. Орталық депозитарий өзінің интернет-сайтында Шартқа өзгерістер мен толықтыруларды орналастырады, олармен Клиент Орталық депозитарийдің хабарламасын алғаннан кейін танысуы тиіс.
- 1.5. Шартқа өзгерістермен және толықтырулармен келіспеген жағдайда Клиент Шартты бұзуға құқылы.

2-бөлім. ШАРТТЫҢ МӘНІ

- 2.1. Орталық депозитарий Қазақстан Республикасымен, Қағидалар жинағымен және осы Шартпен белгіленген шарттарда және тәртіппен туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша ақпаратты қабылдайды, жүргізеді және сақтайды.
- 2.2. Клиент Орталық депозитарийдің қызметін төлейді және Орталық депозитарийдің шығыстарын Орталық депозитарийдің "Тарифтер мен алымдар туралы ереже" (бұдан әрі – Тарифтер) деген ішкі құжатымен белгіленген тәртіппен және мерзімде өтейді.

3-бөлім. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

- 3.1. Орталық депозитарий мыналарға құқылы бар:
 - 1) Клиентпен электронды құжаттарымен айырбастау үшін деректерді берудің электронды жүйесін анықтауға;
 - 2) Клиентке Қағидалар жинағымен және Қазақстан Республикасы заңнамасымен анықталған жағдайда мәмілелер тізілімдері жүйесіне жазбаны енгізуден немесе хабарламаны қабылдаудан бас тартуға;
 - 3) Клиенттен және басқа мүдделі тұлғалардан Тарифтерге сәйкес көрсетілетін қызмет үшін төлемді алуға;
 - 4) туынды қаржы құралдарымен уәкілетті органға, сондай-ақ өзге мемлекеттік органдарға (ұйымдарға) және осындай құқығы бар лауазымды тұлғаларға мәмілелер тізілімдері жүйесінен ақпаратты ұсынуға (*осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімімен өзгертілді*);
 - 5) Клиент өз міндеттерін орындамаған жағдайда уәкілетті органға немесе сот органдарына өзінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін жүгінуге.
- 3.2. Орталық депозитарийдің мыналарға құқығы жоқ:
 - 1) басқа тұлғаларға Қазақстан Республикасы заңнамасымен, Қағидалар жинағымен және Шартпен жүктелген міндеттерді орындауға құқық беруге;
 - 2) Клиенттің тиісінше ресімделген хабарламасынсыз мәмілелер тізілімдерінің жүйесіне жазбаны енгізуге;
 - 3) осы бөлімнің 3.1 тармағының 4) тармақшасымен белгіленгендерді қоспағанда, Клиенттің сұратуынсыз туынды қаржы құралдарымен мәмілелер тізілімдері жүйесінен ақпаратты беруге;
 - 4) нәтижесінде Орталық депозитарийдің басқа клиенттеріне немесе өзге тұлғаларға зиян келтіруі мүмкін Клиентпен бірлескен қызметті жүзеге асыруға.

3.3. Клиенттің мыналарға құқығы бар:

- 1) Орталық депозитарийдің өз міндеттерін тиісінше орындаған жағдайда, уәкілетті органға немесе сот органдарына өзінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін жүгінуге;
- 2) Орталық депозитарийден туынды қаржы құралдарымен мәмілелер тізілімдері жүйесінен үзінді көшірмені сұратуға.

3.4. Клиенттің мыналарға құқығы жоқ:

- 1) басқа тұлғаларға Қазақстан Республикасы заңнамасымен, Қағидалар жинағымен және Шартпен жүктелген міндеттерді орындуға құқық беруге;
- 2) Қағидалар жинағын бұзуға.

4-бөлім. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

4.1. Орталық депозитарий міндетті:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасына және Қағидалар жинағына сәйкес туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша ақпаратты қабылдауды, жүргізуді және сақтауды жүзеге асыруға;
- 2) оған Қағидалар жинағымен және Шартпен жүктелген міндеттемелерді тиісінше тәсілмен орындауға;
- 3) Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген мерзім ішінде туынды қаржы құралдарымен мәмілелер тізілімдері жүйесін құрайтын құжаттарды сақтауға;
- 4) Клиентке Тарифтерге сәйкес шотты жазып беруге;
- 5) Клиентке Қағидалар жинағына өзгерістер мен толықтыруларды, соның ішінде Шартқа өзгерістер мен толықтыруларды, сондай-ақ күшіне енген күнге дейін 15 күнтізбелік күннен кешіктірмей Орталық депозитарийдің Операциялық регламентіне және Тарифтерге өзгерістер мен толықтыруларды жеткізуге.

4.2. Клиент міндетті:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Қағидалар жинағын сақтауға;
- 2) Шартпен және Қағидалар жинағымен жүктелген міндеттемелерді тиісінше тәсілмен орындауға;
- 3) Орталық депозитарийдің осы Шарт бойынша өз міндеттерін орындауды қозғайтын барлық қабылданған шешімдер туралы мәліметтерді ұсынуға;
- 4) Тарифтермен белгіленген тәртіппен және мерзімде Орталық депозитарийдің қызметін төлеуге және шығыстарды өтеуге.

4.3. Тараптың бірінде Шартты жасау барысында ұсынған ақпарат өзгерген жағдайда, бұл туралы басқа Тарапты жазбаша өзгерткен күннен бастап, бұл Тарап осындай өзгертілген күннен бастап, бес күн ішінде міндетті.

5-бөлім. ҚҰЖАТТАРДЫ АЙЫРБАСТАУ ТӘРТІБІ

- 5.1. Орталық депозитарий мен Клиент арасындағы құжаттарды айырбастау тәртібі Қағидалар жинағымен белгіленеді.

6-бөлім. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 6.1. Шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікті көтереді, егер Шартпен көзделмесе.
- 6.2. Егер өзгесі Шартпен белгіленбесе, нақты зиян мөлшерінде Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаумен немесе тиісінше орындамаумен байланысты бір-біріне шығындарды келтірген жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес өзара жауапкершілікті көтереді.
- 6.3. Клиент Орталық депозитарийге жіберетін ақпараттың ресімделуінің және сенімділігінің дұрыстығына жауапкершілікті көтереді.
- 6.4. Клиентке жіберілетін ақпараттың дұрыс ресімделуіне және сенімділігіне жауапкершілікті Орталық депозитарий көтереді.
- 6.5. Орталық депозитарий Қазақстан Республикасы заңнамасымен, Қағидалар жинағымен және Шартпен белгіленген талаптарды Клиент сақтамаған жағдайда өз міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершілікті алмайды.
- 6.6. Орталық депозитарий үшінші тұлғалардың кінәсінен Клиентке келтірілген зиян үшін жауапкершілікті көтермейді.
- 6.7. Орталық депозитарийдің жазған шоттарын төлеу бойынша міндеттемелерді уақтылы орындамағаны үшін Клиент төленбеген сомаға есептелетін тұрақсыздық айыбын кешіктірілген әрбір күн үшін төлем күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың 1,5 ресми ставкасы мөлшерінде төлейді.

7-бөлім. ФОРС-МАЖОР

- 7.1. Тараптар дүлей күш басталуының салдарынан Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін бір-бірінің алдында жауапкершілікті алмайды (форс-мажор). Төтенше жағдайларға жер сілкінісі, су тасқыны, сел, кез келген сипаттағы әскери іс-қимылдар, блокада, уәкілетті мемлекеттік органдардың, соның ішінде шет мемлекет органдарының шешімдері, сондай-ақ Тараптарға қатысы жоқ себептермен туындауы Шарттың орындалуына кедергі келтіретін жағдайларды жатқызуға болады.
- 7.2. Тараптар төтенше жағдайлардың басталғаны туралы бір-біріне міндеттемелерді орындауға ықпал ететін кедергі мен оның салдары Тараптардың біріне мәлім болған кезде хабарлауға міндеттенеді. Шарт бойынша міндеттемелерін орындау

осындай жағдайлар орын алған кезеңде тоқтатылады. Төтенше жағдайлардың басталу фактісі тиісінше құжаттармен расталуы тиіс.

- 7.3. Дүлей күш тоқтаған кезде Тараптар Шарт бойынша алған міндеттемелерін тиісінше орындау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. Егер төтенше жағдайлар үш айдан астам уақытқа созылса, Тараптар Шартты өзара келісім бойынша бұзуға құқылы.

8-бөлім. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТӘРТІБІ

- 8.1. Орталық депозитарий Клиентке берген Шартты жасау туралы хабарламасында көрсетілген күннен бастап, Шарт күшіне енеді және Клиентті лицензиядан айыру туралы уәкілетті органның шешімдері негізінде өз қолданысын тоқтатады.
- 8.2. Шарт тоқтатылған жағдайда Тараптардың іс-әрекеті Қазақстан Республикасы заңнамасына, уәкілетті орган өкіміне және/немесе Қағидалар жинағына сәйкес реттеледі.
- 8.4. Шартты бұзудың бастамашысы болып табылатын Тарап біржақты тәртіппен Шартты бұзған кезде, бұл туралы Қағидалар жинағымен белгіленген шарттарды сақтай отырып, басқа Тарапты Шартты болжалды бұзылатын күнге дейін 30 күн бұрын жазбаша хабарлауға міндетті.
- 8.5. Шартты тоқтату Шарттың қолданылу мерзімі тоқтағанға дейін Шарт талаптарына сәйкес туындаған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.
- 8.6. Тараптардың бірі қайта ұйымдастырылған немесе ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген жағдайда Шарт заңдық күшін жоғалтпайды және құқықтық мұрагерлеріне беріледі.

9-бөлім. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

- 9.1. Тараптар Шарт талаптарын орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда бір-бірінің мүдделерін ескеріп соттан тыс тәртіппен дауларды реттеу үшін барлық қажетті шараларды қолдануға міндеттенеді.
- 9.2. Тараптар өзара келісімге келмеген жағдайда дауларды Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен шешеді.

10-бөлім. ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙДІҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

- 10.1. Орталық депозитарийдің заңды мекенжайы және деректемелері Орталық депозитарийдің интернет-сайтында жарияланады.

Туынды қаржы құралдарымен
мәмілелер тізілімдері жүйесін
қалыптастыру және жүргізу қызметін
жүзеге асыру қағидасына

2-қосымша

**Туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша ақпаратты қабылдау, жүргізу
және сақтау шартын жасау үшін**

ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ

№ р/р	Атауы
1.	Осы Қағиданың 3-қосымшасымен белгіленген нысан бойынша туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша ақпаратты қабылдау, жүргізу және сақтау шартын жасауға өтініш
2.	Электронды құжат айналымы жүйесі арқылы "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-мен құжаттарды айырбастау туралы өтініш (Қағидалар жинағына кіретін Операциялық құжаттарды қабылдау және беру беру қағидасына 2-қосымша)
3.	Занды тұлғаны мемлекеттік (қайта) тіркеу туралы куәліктің (немесе анықтама) нотариатпен куәландырылған көшірмесі (Орталық депозитарийдің депоненттері болып табылмайтын ұйымдар үшін)
4.	Өтініш берушіде бар Инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыруға бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға банктік және өзге операцияларды жүргізуге берілген лицензиялардың нотариатпен куәландырылған көшірмелер <i>(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімімен өзгертілді)</i>
5.	Қол қою үлгілері (түпнұсқалығы нотариатпен куәландырылған) және мөр бедері бар карточка ⁴
6.	Орталық депозитарийде құжаттарды беруге, сондай-ақ Орталық депозитарийде есептік және басқа құжаттарды алуға құқығы бар өтініш берушінің уәкілетті тұлғаларының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген сенімхаты

⁴ Орталық депозитарий өзінің интернет-сайтында (www.kacd.kz) осындай құжаттардың электронды файлдарын орналастырады.

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағы:
Туынды қаржы құралдарымен мәмілелер тізілімдері жүйесін қалыптастыру және жүргізу
қызметін жүзеге асыру қағидасы

Туынды қаржы құралдарымен
мәмілелер тізілімдері жүйесін
қалыптастыру және жүргізу
қызметін жүзеге асыру қағидасына

3-қосымша

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-мен туынды қаржы құралдарымен
мәмілелер бойынша ақпаратты қабылдау, жүргізу және сақтау шартын жасауға**

Ө Т І Н І Ш

_____ ЖЫЛҒЫ _____

№ _____

Бұдан әрі "Өтініш беруші" деп аталып, (_____),
(заңды тұлға ретінде өтініш берушінің тіркелуін растайтын құжатты берген органның атауы, нөмірі, күні және органы)

_____ негізінде іс-әрекет жасайтын
_____ арқылы

мынадай деп мәлімдейді:

шарт жасасады және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағына кіретін Туынды қаржы құралдарымен мәмілелер тізілімдері жүйесін қалыптастыру және жүргізу қызметін жүзеге асыру қағидасына 1-қосымша болып табылатын туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша ақпаратты қабылдау, жүргізу және сақтау шартымен белгіленген талаптарды орындауға міндеттенеді;	_____ (уәкілетті тұлғаның қойған қолы)
"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағымен таныстым, "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағының талаптарын орындауға міндеттенеді және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайды.	_____ (уәкілетті тұлғаның қойған қолы)

Өтініш берушінің орналасқан _____
орны: _____
Өтініш берушінің банктік _____
деректемелері: _____

(Өтініш берушінің уәкілетті тұлғасының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қойған қолы)

М.о.